**Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының білім басқармасы «Әйтеке би ауданының білім бөлімі»ММ «Талдысай жалпы білім беретін орта мектебі » КММ-нің кезектен тыс педагогикалық кеңесінің № 7 хаттамасы**

02.06. 2023 жыл. Талдысай ауылы

Қатысқандар - 52

Қатыспағандар - 0

Күн тәртібінде:

1. Талдысай жалпы білім беретін орта мектебінің өзін –өзі бағалау өткізуі туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

1.Биртаева С.Б.- мектепдиректоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 24қарашадағаы «Бастауыш ,негізгі орта,жалпы орта , техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы»№473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022жылғы 27желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар негізінде Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің оқушылардың жазғы каникулда болуы себепті 4,9-сынып оқушыларынан оқыту нәтижелерін бағалау (компьютерлік тест) мамыр айында алынды. Мемлекеттік аттестаттауға түсіп тұрған білім беру ұйымы жоспарланған мерзімінен кемінде екі ай бұрын өзін-өзі бағалау жүргізу үшін кемінде 5 ( бес) қызметкерінен комиссия құрылатындығын , бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелері арасында нақты тапсырмалар бөлінетіндігін, жалпы өлшемшарт кестелерімен слайд түрінде таныстырды.

2. М.Бимагамбетова - оқу ісінің орынбасары М

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін онлайн форматта білім алушылар,педагог,ата-аналармен сауалнама жүргізілгендігін , білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін 4,9-сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелерін бағаланып жақсы нәтиже көрсеткенін айтты. Орта білім беруге қойылатын талаптар сияқты, мектеп алды даярлық топтарында да бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес бірдей талап қойылатындығын түсіндірді

Комиссия құрамына директордың орынбасарлары М.Т. Бимагамбетова, Р.О.Дуйсенбина, К.С.Мукашева, мектеп психологы А.К.Калинчук , кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.К.Захаренкова, педагог-зерттеуші мұғалім Б.Ергалиевті ұсынды.

Қаулы:

1.Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестатталу нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Талдысай жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.

2. «Талдысай жалпы білім беретін орта мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2023 жылдың 01.08-31.08 аралығы болып бекітілсін.

3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.

4. ҚР «Білім туралы » Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.

5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Төрайымы: Биртаева С.Б

Хатшы: Дүйсенбаева Г.С